Тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу тәсілін қолдану негіздемесі

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының (Бұдан әрі-Заң) 16 бабы 3-тармақ 32 тармақшасы «мәдениет ұйымының, мәдениет саласындағы білім беру ұйымының, телерадио хабарларын тарату операторының сахналық көрсетілімдерді жүзеге асыру, өнер туындыларын көпшілік алдында орындау мен көрсету және мәдени құндылықтарды көрсету үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы».

Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу осы Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттары сақтала отырып жүзеге асырылады.

2024 жылдың 1 жарты жылдығында мемлекеттік сатып алу туралы заңына өзгерістер енуіне байланысты, ұйымдастырылатын барлық іс-шараларды, байқауларды баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен хабарландыру жарияланып, қорытынды хаттама бойынша төмен баға ұсынған әлеуетті өнім берушімен келісім-шарт жасалған. Алайда, өнім беруші жарияланған соммадан әлдеқайда төмен баға беріп, техникалық сипаттамада көрсетілген талаптарды орындай алмай немесе орындауға келгенде байланыс телефондарын өшіріп, іс-шара ұйымдастыруда қиындықтар тудырған.

Жоспарланған іс-шаралар, байқаулар белгіленген уақытында өтпегендіктен, шараға қатысушылар тарапынан келіспеушіліктер орын алып, облыстық, қалалық әкімшілік тарапынан ескертулер берілген.

Осыған орай, жоғарыдағы негіздерді ескере отырып, іс-шаралар, байқаулар 02.02.2026 жылғы №32 бұйрық негізінде бір көзден сатып алу тәсілімен ұйымдастыру арқылы жасалуда.

Директор **Л.Шамет**

Орындаған: Н. Ережепов
Тел: 87014236622